



Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі  
әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

# Басқару психологиясы ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҢА ПСИХОЛОГИЯ

# ЖОСПАР:

1. Басқару психологиясына кіріспе
2. Басқару психологиясының даму тарихы
3. Басқару психологиясының зерттеу әдістері
4. Қазіргі жаңа психология

# ПСИХОЛОГИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

*Психология* — адамның жеке бірлік ретіндегі психикасын, өзінің сан—алуан сезім, аффективтік, интеллектуалды, басқа да туа біткен функцияларымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетін зерттейтін ғылым, кей-кезде адам мінез-құлығын зерттеу деп те анықталады. Қыруар тараулары теориялық және практикалық бағыттарды қарастырады, қолданбалы бағыттары да сан алуан: терапевттік, қоғамдық, кәсіпкерлік, кей жағдайда саясаттық және теологиялық. Психологияның негізгі мақсаты — психиканы субъективтік структураның, сыртқы ортаны байымдаумен, елестетумен жұптасқан айырықша іс-әрекеттің негізі ретінде зерттеу.

# БАСҚАРУ ПСИХОЛОГИЯСЫНА КІРІСПЕ

**Басқару психологиясы** — өндіріс орындарындағы, корпорациялардағы, фирмалардағы және осы сияқты тағы да іс-әрекетті басқарудың жалпы психологиялық жақтарын арнайы зерттейтін әрі модельдейтін сала. Басқару психологиясы іс-әрекетті арнайы басқарудың және психологиялық жағдайдың талдамалы модельдерін және еңбектің сапасын көтеруге бағытталған. Басқару психологиясы — басқару жүйелеріндегі (мемлекет басқару, ұйым, мекеме, топ, ұжым және т.б.) адамдардың қатынастарына байланысты мәселелерді зерттейтін және білімдерді жинақтайтын қолданбалы психологияның саласы.



**Басқару психологиясының мақсаты** - тиімділікті арттыру және өмір сүру сапасының ұйымдастырушылық жүйелерінің жолдарын әзірлеу.

**Басқару психологиясының мазмұны** - адамзат қызметінің, топтар мен ұйымдардың психологиялық аспектілерін әзірлеу.



Басқару психологиясының пәні туралы пікірлер әртүрлі. Психологтар Е.Е. Вендров және Л.И. Уманский басқару психологиясы пәнінің келесі аспектілерін ұсынды: ұжым және топтардың әлеуметтік - психологиялық мәселелері; басшының іс-әрекет психологиясы; басшының жеке тұлға психологиясы; басқарушы кадрларды таңдаудың психологиялық мәселелері; басқарушы кадрларды даярлау және қайта даярлаудың психологиялық - педагогикалық мәселелері




Лев Ильич Уманский - психология ғылымдарының докторы, профессор



Вендров Ефим Ефремович – кеңес офицері

# Басқару психологиясының деңгейлері



# Басқару функциялары

1. жоспарлау

2. ұйымдастыру

3. МОТИВАЦИЯ

4. бақылау



# БАСҚАРУ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Басқару психологиясы ғылым саласы ретінде XIX ғасырда қалыптасқан. Бірақ жеке дара ғылым саласы ретінде XX ғасырда дами бастады. Жеке дара ғылым ретінде қалыптасу барысында төрт мектеп қалыптасты:

Еңбекті ғылыми  
ұйымдастыру мектебі

Әкімшіліктік мектеп

Адами қатынастар мектебі

Басқару ғылымы


## ***1.Еңбекті ғылыми ұйымдастыру мектебі.***

1911 жылы америкалық инженер, кәсіпкер Ф. Тейлордың «Ғылыми басқарудың қағидалары атты» кітабында жарық көрді. Ол өз кезегінде еңбекті ғылыми ұйымдастыру мектебінің (тейлоризм) негізін қалады. Өндірісті ғылыми тұрғыда басқаруға негізделген.




## ***2.Әкімшілік мектебі (классикалық мектеп)***

А.Файолдың 1920- 1950 жж. Ұжым басшылық мақсаттары мен бастамаларын қолдауы тиіс болып табылатын, қатаң орталықтандырылған иерархиялық ұйымдастырудың идеясы байқалады. Басқару принципі, яғни қазіргі менеджмент атасы. Иерархиялық желілік – функционалдық басқару жүйесі.



### ***3. Адами қатынастар мектебі.***

Қызмет тиімсіздігінің негізгі элементі болып саналатын адами факторды жете бағаламау дегенге жауап ретінде қалыптасқан мектеп Э. Мэйо, М. Фоллетт. Э. Мэйо Тейлор мен Гилберттің жұмысшылардың қызметін рационализациялау мен стимулдау идеясына қосылып, еңбек өнімділік мәселесін зерттеумен айналысты. Еңбек тиімділігімен басқарудың күшті факторлары ретінде ұйымдастыру және экономикалық себептермен қатар психологиялық компоненттермен қатар жүретінін дәлелдеді.



***Басқарудағы сандық әдістер мектебі. ( 1950- XX ғасыр ).***


Бұл мектептің негізгі еңбегі операцияларды зерттеу әдіснамасында, өйткені оның іс-әрекеті күрделі басқару мәселелерін әр түрлі ұйымдастырушылық жағдайлар жасау мен қолдану барысында түсінудің тереңдеуіне ықпал етті және күрделі жағдайларда шешім қабылдайтын жетекшілерге көмектесті. Басқару психологиясының дамуы 1966 жылы EAESP ассоциясының құрылуына негіз болды.

***Басқару ғылымы шеңберінде бірнеше бағыттар бөлініп қалыптасты.***

Жүйелік бағыт ұйым мәселелерін кешенді шешуге бағытталған басқару түрі.

Жағдаяттық бағыт. Бұл концепция 1960 жылы пайда болды. Бұл қалыптасқан жағдайға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған басқару тәсілі.

Процессуалды бағыт. Үрдістерді ұйымдастырудың динамикалығы мен қиындығын түсінуі, бейнелейтін, басқаруды үрдіс ретінде түсіндіретін бағыт.



# БАСҚАРУ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ



Әкімшіліктік

Ұйымдастырушылықтық

Құқықтық реттеу әдістері

Экономикалық


Әлеуметтік психологиялық

# ҚАЗІРГІ ЖАҢА ПСИХОЛОГИЯ


Қазіргі кезеңдегі психология қалыптасудың әр түрлі сатысында тұрған және тәжірибенің түрлі салаларымен байланысқан ғылыми пәндердің тармақталған жүйесін білдіреді. Әдетте, психология салаларын жіктеудің негізгі принципі деп әрекеттегі психиканың даму принципін айтады. Сондықтан психология салаларын жіктеудің негізі ретінде адамның іс-әрекетінің сан алуан түрлерін пайдаланады. Осының негізінде психологияның төмендегідей салалары бөлініп шығады:



*Еңбек психологиясы* – адамның еңбек ету әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, еңбектің ғылыми тұрғыда ұйымдастырудың психологиялық аспектілерін зерттейді және психология ғылымының жеке салалары болып табылатын бірнеше бөлімдерден тұрады: инженерлік психология, авиация психологиясы, ғарыш психологиясы



*Педагогикалық психология* – адамға білім және тәрбие берудің психологиялық заңдылықтарын зерттейді. Ол оқушылардың ақыл-ойы мен ойлау жүйесін, даңдыларын қалыптастырудың, олардың оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз-шәкірт арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады.



*Медициналық психология* – дәрігердің іс-әрекетінің және аурудың мінез-құлқының аспектілерін зерттейді. Ол мынадай бөлімдерден тұрады: нейропсихологиядан, психофармакологиядан, патопсихологиядан, клиникалық психологиядан, психопрофилактика және гигиенадан.

*Заң психологиясы* – құқыққа қатысты мәселелерді реттеу және оларды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді. Бұл салалар: сот психологиясы, қылмыс психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы деп аталатын тармақтардан құралады.

*Әскери психология* – әскери әрекеттер кезіндегі адамның мінез-құлқын, басшылар мен олардың қарамағындағылар арасындағы қатынастардың психологиялық жақтарын, әскери азаматтардың отаншылдық қасиеттерін қалыптастыру, психологиялық насихаттың және кері насихаттың тәсілдерін және т.б. мәселелерін зерттейді.

*Спорт психологиясы* – спортшылардың іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым-қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін, психологиялық даярлығын іздестіре келе, оларды жаттықтыру және күш-қуатын жинақтау деңгейін зерттейді.



# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Захарова Л.Н. Психология управления. Логос. 2014г.
2. Митин А.Н. Психология управления. – М.:ВотерсКлувер, 2011 – 400 с.
3. Электронный учебник. Ахтаева Н.С. «Басқару психологиясы». // "Алла Прима" 2016г. 230стр. Қазақстан.
4. Ахтаева Н.С.,Әбдіғапарова А.І, Бакбаева З.Н. Басқару психологиясы: Оқу құралы. –Алматы: Бастау баспасы,2010-250б.
5. L.M. Gilbreth. The Psychology of management. June 1, 2012. Dodo Press
6. Рахимов А.З. Психология творчества. - Уфа, 1995.

# Назарларыңызға рақмет!

---

